МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ MANGISTAUMUNAIGAZ
ҚазМұнайГаз CNPC
# Мұнайлы өлке
Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады
"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті
№08 (106), қыркүйек, 2018 жыл

*Тағзым*

# СӘУЛЕЛІ ҒҰМЫР ЕСКЕРТКІШІ

ҚР Конституциясы күні және мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі аясында «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы ғимараты алдында қоғам және мемлекет қайраткері, қазақ мұнайының атасы Сафи Өтебаевтың ескерткіш бюсті қойылды.

КСРО еңбек сіңірген мұнайшысы, ҚазКСР еңбек сіңірген ғылым мен техника қайраткері Сафи Өтебайұлының құрметіне арналған шараға Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары Серік Аманғалиев, облыс әкімінің орынбасары Мақсат Сқақов және мәслихат депутаттары, мұнай саласының ардагерлері, мұнайшылар және Сафи Өтебайұлының балалары қатысты.

Мерекелік шарада сөз сөйлеген Мақсат Сқақов облыс әкімі Ералы Тоғжановтың атынан ҚР Конституциясы күні және мұнай-газ кешені қызметкерлерін мерекемен құттықтап, Маңғыстау мұнайы тарихының дамуына өзіндік үлесін қосқан ардагер мұнайшыларға алғыс білдірді. Алғашқы қазақ инженер - мұнайшысы, Қазақстандағы мұнай индустриясын ұйымдастырушылардың бірі, «Алтын кенші», шексіз талант иесі Сафи Өтебайұлының жүріп өткен сарабдал жолы туралы келелі әңгіме қозғады. Саналы ғұмырын қазақ мұнайын өркендетуге жұмсаған қазақтан шыққан тұңғыш мұнайшы-инженердің өнегелі өмірін жас ұрпаққа үлгі етті. Келер ұрпаққа берер тәрбиесі мол екендігін ерекше атап өтті.

Жиылған көпшілік алдында Сафи Өтебайұлының қызы Светлана Сафиқызы, облыстық қоғамдық Кеңес төрағасы Сағын Қырымқұлов қазақ мұнайының атасы туралы естеліктерімен бөлісіп, тұлғаны құрметпен еске алды, алғыс сезімдерін білдірді. Мұнайшы жастар атынан «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының операторы ақын Райымбек Түзелов жырдан шашу шашты.




***

***Жан бітірген, тіл бітірген мұнайға,***
***Болмысыңды бір көрсетсін тіл айна.***
***Қарабаудан Қаратаудай іс қылып,***
***Шүкір еткен, зікір еткен Құдайға.***

***Қара алтынды өндіруді ғұрып қып,***
***Бойымызды сол байлықпен жылыттық.***
***Даласынан ел ырзығын табар ма?***
***Бабасынан байқалмаса ұлықтық.***

***Басқа туып Алла берген азат күн,***
***Озық ісі ұрпаққа үлгі озаттың.***
***Тәу еттірген мұнараны ұлтына,***
***Сафи атам саф алтыны қазақтың.***

***Құрма қылып, мерекеде, тамызда***
***Бұл күндер де айналады аңызға.***
***Мұнайымның атасына айналған,***
***Мәңгі тағзым, бұл ескерткіш абызға.***

***Сафи ата, біз ұлықтар хас маман,***
***Жерім үшін терін төгіп тастаған.***
***Аталардың батасымен көгерген,***
***Аманатқа адал бүгін жас ұлан!***

**Райымбек Түзелов**

*На повестке дня*

# ВЕКТОР РАЗВИТИЯ

**Накануне V Каспийского саммита в Актау, в рамках визита в Мангистаускую область Председатель Правления АО «Самрук-Казына» Ахметжан Есимов встретился с руководителями крупнейших нефтегазодобывающих предприятий региона. Во встрече также принимали участие Председатель Правления АО «НК «КазМунайГаз» Сауат Мынбаев и Вице-президент по управлению человеческими ресурсами АО «НК «КазМунайГаз» Серик Абденов.**



Руководители нефтегазодобывающих компаний (АО «Мангистаумунайгаз», АО «Озенмунайгаз», АО «Каражанбасмунай») проинформировали участников встречи о производственной и социально-экономической деятельности предприятий.

В частности, генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Бакыт Иманбаев, рассказал об итогах производственной и финансово-хозяйственной деятельности Общества в 2016-2017 годах и в первом полугодии текущего года, сообщил о реализованных проектах по выводу непрофильных видов деятельности и активов, а также высказал несколько предложений по внедрению цифровизации в производстве в рамках повышения производительности АО «Мангистаумунайгаз», в частности, по проектам: «Интеллектуальное месторождение», «Ситуационный центр визуализации», «Раздельный учёт» и «Приложения для мобильных устройств».

По итогам встречи Председатель Правления АО «Самрук-Казына» Ахметжан Есимов дал положительную оценку деятельности АО «Мангистаумунайгаз».

- Результаты неплохие, проделана большая работа, - отметил Ахметжан Есимов. – Выполнен с превышением план добычи за первое полугодие, хорошая работа сделана по межремонтному периоду. Кроме того, вы знаете, сегодня во всем мире придается большое внимание цифровизации производства, в АО «Мангистаумунайгаз» реализуются проекты в этом направлении, очень хорошие проекты и эту работу надо расширять и продолжать, важно, чтобы проекты цифровизации были распространены по всей компании. В целом все результаты неплохие, но необходимо продолжать работать, не сбавляя темпа и выполнить годовой план по добыче нефти.

**Есназар Султанов**

*Еңбекті қорғау*

# 365 ҚАУІПСІЗ КҮН – 100% ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛЫНДА

Көп жылдар бойы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау нормаларын сақтау тек заңнаманың талабы ретінде ғана қаралды, нормативтік-құқықтық талаптар да қауіпсіздік мәселелерін басқару жөніндегі жұмыстың бағыттарын айқындады. Тәртіп пен бақылау негізгі шаралар болып табылды. Бұл ретте өндірісте жарақаттану жағдайларының болмауы қол жеткізбейтін мақсат болып саналды немесе әрі кетсе, біз ұмтылатын арман сияқты қарастырылды.

Уақыт өте келе, біздің қауіпсіздік мәдениетіміз өндірістік процестердің күрделілігін түсіну, еңбекті қорғау мәселелеріндегі дербес жауапкершілікті арттырудың маңыздылығы мен қажеттілігін жақсарту жағына қарай өзгере бастады. Біз осы бағыттың одан әрі дамуының куәгерлеріне айналдық, ішкі команданың барынша тиімді өзара іс-қимылының нәтижесінде біз еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында өзімізді көшбасшы ретінде қабылдай бастадық. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек заңнамалық талаптарды орындау ғана емес, сонымен бірге қызметкерлер, мердігерлік ұйымдардың өкілдері мен қоғам алдындағы біздің адамгершілік борышымызға айналды. Бұдан басқа, біз қауіпсіздікті қамтамасыз ету және еңбекті қорғау бойынша таңдаулы тәжірибелерді енгізу ешқандай зиян әкелмейтінін түсіндік, осыған орай,қауіпсіздік қағидаларын сақтамаған жағдайда, материалдық, адами зор шығындарға және де іскерлік беделіміздің төмендеуіне алып келері анық.



Қауіпсіздік тұрғысында ең қолайлы күн – бұл ҚМГ барлық қызметкерлері өз отбасыларына жарақат алмай аман-сау оралатын күн, апаттардың болмаған және біздің қызметіміз қоршаған ортаға зиянын келтірмейтін күн. 2014 жылы біз алғаш рет осы күндердің есебін бастадық және осы айтылған оқиғаларсыз 90 күн жұмысымызды қауіпсіз жасап шықтық. 2015 жылы бұл көрсеткіш 96 күн болса, 2017 жылдың соңына қарай 30%-ға жақсарып, 125 күнге жетті. Ағымдағы жылдың статистикасы жылдың соңына қарай 200 қауіпсіз күнді болжауға мүмкіндік берді, алайда оң серпінге қарамастан, біз әлі де болса жаңа жетістіктерге қол жеткізуге ұмтыламыз. Біздің алдымызға қойған мақсатымыз 365 қауіпсіз күнге жақындаған сайын әрбір келесі күнге қол жеткізу үшін күш-жігерімізді көбірек жұмсайтынымызды түсінуіміз керек.

Сол себепті біз «100% қауіпсіздік» бағдарламасын іске қосамыз. Егер бұрын жазатайым оқиғалар мен апаттардың толықтай болмауы біздің пайымымыз болса, ал енді – **бұл нәтижені күту** болып табылады. Бұл біздің өзіміздің және мердігердің қызметкерлеріне тиісті құқықтарын бере отырып, егерде қауіпсіздік техника қағидалары орындалмау, бұзу немесе «100% қауіпсіздік» қағидатынан ауытқушылық орын тапқан кездерде, олар өз пікірін ашық айта алатынын, жұмыс барысына араласа отырып, қойылған талаптарға сәйкестендіруді қамтамасыз ететінін күтеміз.

**Қауіпсіздік ережелерін 100% сақтау деген ұстаным ҚМГ компаниясының негізгі құндылықтарының бірі болып табылады. Бұл жай ғана ұран емес!**

Жақын арадағы апатның ішінде сіз еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелерін 100% сақтаудың маңыздылығын түсіндіретін бейнероликтерді қоса алғанда, қосымша ақпаратты аласыздар.

Мен және ҚМГ басшылығының бәрі «100% қауіпсіздік» қағидатын бұлжытпай орындаймыз. Компанияның барлық тобы бойынша осы жолдаудың таратылуын және дұрыс түсінуін қамтамасыз етуді сұраймын.

**С. Мыңбаев**
**Басқарма төрағасы**

## ТАҒАЙЫНДАУ * НАЗНАЧЕНИЕ * ТАҒАЙЫНДАУ * НАЗНАЧЕНИЕ * ТАҒАЙЫНДАУ * НАЗНАЧЕНИЕ



**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ**
**«Өзенмұнайгаз» АҚ**

2018 жылдың 13 тамызындағы №399-л бұйрықпен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Иманбаев Бақыт Алтайұлы 2018 жылдың 15 тамызынан бастап, қосарлама атқару бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша басқарушы директоры болып тағайындалғанын хабарлаймыз.

Бұдан басқа, «Өзенмұнайгаз» АҚ директорлар Кеңесінің 2018 жылғы 15 тамыздағы шешімімен (№40 хаттама) Иманбаев Б.А. «Өзенмұнайгаз» АҚ директорлар Кеңесінің төрағасы болып сайланғанын хабарлаймыз.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы С.Мынбаев**

---

**АО «Мангистаумунайгаз»**
**АО «Озенмунайгаз»**

Настоящим сообщаем, что генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Иманбаев Бакыт Алтаевич, приказом №399-л от 13 августа 2018 года назначен по совместительству Управляющим директором по АО «Мангистаумунайгаз» и АО «Озенмунайгаз» АО НК «КазМунайГаз», с 15 августа 2018 года.

Кроме того, сообщаем что решением Совета директоров АО «Озенмунайгаз» от 15 августа 2018 года (протокол №40) Иманбаев Б.А. избран председателем Совета директоров АО «Озенмунайгаз».

**Председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» С.Мынбаев**



**С 20 августа 2018 года первым заместителем Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» назначен Лю Цзиньчэн**

Лю Цзиньчэн родился 9 ноября 1964 года в провинции Хэбэй Китайской Народной Республики.

В 1983-1988 годах обучался в Китайском нефтегазовом университете (Хуадун), по специальности «геологическая разведка».

В 1988-1991 годах обучался в магистратуре Китайского нефтегазового университета г. Пекин, где получил степень магистра.

В 2012-2014 годах в рамках повышения квалификации обучался в университете г. Хьюстон (США).

Трудовую деятельность начал в 1991 году с должности инженера в экономическо-техническом институте CNPC.

Далее работал представителем CNPC в Туркменистане, а затем представителем CNPC в Москве.

В 1998 году – инженер в департаменте по зарубежным проектам компании CNODC.

В 1998-2000 годах - заместитель начальника управления сбыта ОАО «СНПС-Актобемунайгаз» (г.Актобе).

2000-2002 год - ведущий инженер в департаменте маркетинга и сбыта компании CNODC.

2003-2004 год - заместитель директора в департаменте компании CNODC по новым проектам в Центральной Азии и России (г. Пекин).

2004-2005 год - помощник генерального директора и директор департамента закупок и материально-технического снабжения ОАО «СНПС-Актобемунайгаз» (г.Актобе).

В 2005-2008 годах Вице-президент по коммерческим вопросам АО «СНПС-Ай Дан Мунай» (г.Кызылорда).

2008-2014 год – Президент АО «СНПС-Ай Дан Мунай».

2014-2018 год - Генеральный директор филиала компании «Buzachi Operating Ltd» (Бузачи Оперейтинг Лтд).

С 20 августа 2018 года - первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз».

*Внутренние коммуникации*

# ВСТРЕЧИ С КОЛЛЕКТИВАМИ

**В минувшем месяце состоялись традиционные плановые встречи Правления Общества с трудовыми коллективами ПУ «Жетыбаймунайгаз» и ПУ «Каламкасмунайгаз».**

8 августа состоялась встреча руководства Общества с нефтяниками Жетыбая. Генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Бакыт Иманбаев поприветствовал трудящихся производственного управления «Жетыбаймунайгаз», поблагодарил их за успешную работу по выполнению полугодового плана по добыче нефти и выразил надежду на дальнейшую плодотворную работу.

В частности Бакыт Иманбаев сообщил, что за шесть месяцев текущего года при плане добычи 3 135 533 тонны, фактически добыто 3 159 441 тонн нефти (перевыполнение составило 23 908 тонн). В ПУ «Жетыбаймунайгаз» при плане 1 161 974 тонны, фактический объем добычи нефти составил 1 193 593 тонны, сверх плана добыто 31 619 тонн нефти. Генеральный директор отметил, что главным фактором, позволившим добиться подобных результатов, является ежедневный, кропотливый и добросовестный труд работников коллектива. Бакыт Иманбаев подчеркнул, что в целях улучшения социально-бытовых условий вахтовых рабочих на месторождении Асар ведется строительство общежития на 86 койко-мест. В прошлом году на месторождении Асар была построена столовая на 75 посадочных мест и произведена реконструкция котельной. Кроме того, для обеспечения спортивного досуга вахтовых рабочих построена открытая спортивная площадка.

На месторождении Асар, в целях закачки альбсеноманской воды в пласт ведется обустройство 12 водозаборных скважин. Начато строительство РВС-5000м3/куб на ВНС Асар. В 1-ом квартале 2018 года был сдан объект электроснабжения «ПС-35/6кВ с ВЛ-35кВ между ГУ-Асар-1 и ГУ-Асар-2».

Начальник ПУ «Жетыбаймунайгаз» Калмурза Буркитов доложил о проделанной работе по вопросам предыдущей встречи с трудовым коллективом, в частности, он сообщил, что удовлетворена потребность ПУ «Жетыбаймунайгаз» в кондиционерах и холодильниках, а также рассказал о других производственно-хозяйственных аспектах деятельности предприятия.



В ходе встречи с трудовым коллективом работниками были заданы вопросы Правлению Общества, в частности вопросы в области медицинского обеспечения, транспорта и т.д. На каждый вопрос был дан исчерпывающий ответ.

Аналогичная встреча с трудовым коллективом состоялась 17 августа на месторождении Каламкас.

Бакыт Иманбаев вкратце рассказал об итогах производственно-хозяйственной деятельности компании за шесть месяцев текущего года, а после встречи посетил и проинспектировал некоторые производственные объекты ПУ «Каламкасмунайгаз».

*Живая история*

# ГОРОД У МОРЯ

**21-22 сентября наш любимый Актау отметит свое 55-летие. Многие называют Актау особенным городом, обладающим невероятной энергетикой и притягательностью. Хотя он возводился как город системы Министерства среднего машиностроения, достойный вклад в его становление внесли и нефтяники Мангистау. Несмотря на молодой возраст, летопись города богата яркими историческими событиями. И о самых любопытных и малоизвестных фактах из истории города нам расскажет почетный гражданин г. Актау, директор музея Трудовой славы ПГМК Марат Шушаков.**





Объединение «Мангышлакнефть», 1964 год.

***- Марат Туркпенбаевич, давайте вначале совершим небольшой экскурс в историю зарождения города Актау (Шевченко). Степь и степь кругом, да и ветер обжигающий летом и пробирающий до самых костей зимой, кто же рискнул оживить этот суровый край?***

- Первоначально надо окунуться в общественно-политическую жизнь мира – середина 50-х годов, в самом разгаре «холодная война», создаются военные блоки против СССР, разрабатываются все новые виды вооружения. Советский Союз не мог оставаться в стороне от этих приготовлений и подготовке к новой ядерной войне. С помощью аэрофотосъемки и изучения нашего полуострова специальными приборами, были выявлены большие запасы урана и фосфата. И уже в марте 1956 года прибывает специальная геологическая экспедиция №45 под руководством А.И. Кореневского, так называемая Кольцовская экспедиция. Ее задача выявить запасы уранового сырья, подготовить документацию для промышленной добычи. Первоначально лагерь геологов располагался во впадине Карагие. Тогда все снабжение геологов проводилось воздушным путем - от спичек до хлеба. Однако, холмистая местность впадины затрудняла посадку и взлет самолетов. Изучив окружающую местность, решили перебазировать лагерь к морю, там, где сейчас находится Приморский парк (парк «Акбота»), а взлетной площадкой стала территория нынешнего 4-го микрорайона, тогда там был пустырь. Люди жили в палатках, вагончиках, землянках. Все было подчинено одной главной задаче – быстрее сдать запасы стратегического сырья под промышленную разработку.

***- История становления города, неразрывно связана с нефтяной отраслью региона. Какую роль сыграли нефтяники в славной истории развития города?***

- Нефтяники принимали долевое участие не только в жилищном строительстве, но и вкладывали средства в развитие инфраструктуры города, в возведение торговых и спортивных комплексов, так например, был создан спортивный комплекс «Мунайши». В шестом микрорайоне находился Дом культуры нефтяников (нынешний молодежный центр «Арман»), там располагались музыкальные, танцевальные коллективы, работала изостудия. Творческие коллективы нефтяников постоянно представляли наш город на республиканских фестивалях, творческих вечерах и конкурсах. Так что нефтяники жили в том же ритме, что и весь город.

А вообще, вклад нефтяников в развитие не только города, но и всей нашей области просто огромен. Спортивные комплексы, детские сады, школы, дороги, дома культуры, творческие центры, поддержка спортсменов и писателей, шефство над историческими и культурными объектами, помощь детским домам, малообеспеченным семьям и многое другое. Нефтяники помогали всегда: и во времена СССР и после обретения Независимости, помощь эта неоценима и заслуживает отдельного повествования.



***- Марат Туркпенбаевич, Вас часто называют хранителем истории города, Ваши рассказы и лекции, раскрывающие мало кому известные страницы о прошлом Актау-Шевченко, всегда вызывают неподдельный интерес. Давайте еще раз вспомним о самых любопытных и малоизвестных фактах из истории становления и развития города…***

- Несмотря на относительную молодость нашего города, и о нашем городе можно рассказать много любопытных и занятных историй.



Кинотеатр «Дружба», 1 мкр.

Все мы знаем район морского участка города, который в народе называется «солдатский» пляж. Откуда это выражение и как оно возникло? Вообще пляж – это место отдыха, а какой отдых может быть у солдата? Дело в том, что Морпорт начал строиться в 1959 году. Грузы и оборудование для строительства города прибывали морским путем, и для их разгрузки теплоход подходил как можно ближе к берегу. Все что могло плавать – бочки, доски, коробки, строительный лес, сбрасывалось в воду и солдаты где по колено, где по пояс, а где и глубже, вытаскивали все это на берег и складировали. Издалека казалось, что они купаются. Позднее, когда солдаты из казарм в поселке Умирзак ходили к месту работы в город, им на обратном пути, на этом пустынном месте разрешалось перекурить и искупаться. Так и закрепилось за этим районом название «солдатский» пляж.

Мало кто знает, что торговый центр в 5 микрорайоне первоначально назывался «Спартак», а через две недели по просьбе трудящихся стал называться «Волна». И этому есть документальное подтверждение.

Мифы существовали во все времена. Мы и наш город тоже не избежали этого. Говорили, что если пролететь над нашим городом на самолете, можно увидеть, что он выложен жилыми домами так, что образуются слова «Слава КПСС». В нашем музее есть фотография города, сделанная с самолета в 1986 году и никаких слов там не просматривается.

Внимательный глаз любопытного человека отметил бы, что номера наших домов красятся только в черный цвет. Но сейчас этому не придается никакого значения и номера домов красятся первой попавшейся под руку краской. Но есть в городе несколько домов, номера которых обозначены краской красного цвета – это там, где при строительстве кто-либо погиб. Такова была городская традиция.

Город постоянно в движении – одни уезжают, другие приезжают, состав жителей изменился на 60-65%. Все когда-то было первым. Первый каменный дом – 3 мкр. 88 дом, первый дом, куда прибыл газ в августе 1970 года – 6 мкр. 12 дом, первый подъездный дом города расположен по адресу 6 мкр. дом 13.

Жители города часто смотрят на купол над торговым центром «Казахстан» (ШУМ) и не знают, что это самый большой в мире купол, диаметр которого 36 метров. Такой же имеется в одном из городов Канады но диаметром всего 24 метра. Возведен он по новой технологии того времени – методом непрерывной заливки бетона.

В самом центре третьего микрорайона есть местечко, которое носит название «Пятачок». Когда озеленяли этот район, остался кусок земли круглой формы, где собирались высадить цветы. Вокруг были установлены скамейки для отдыха. По тем временам, праздники устраивали сообща – возле домов, в скверах и т.д. Кто-то облюбовал скамейки возле будущей клумбы. Стихийно возникли танцы прямо на этой клумбе, даже пыль не мешала. И это стало традицией. На Новый Год здесь устраивалась елка, и малышня радостно скакала вокруг нее. Потом, чтобы избавиться от пыли, кому-то пришла идея забетонировать клумбу и образовалась круглая площадка диаметром около 6 метров и название «Пятачок» плотно прикрепилось к этому месту.

***- В последние годы Актау активно застраивается, возводятся новые жилые комплексы, социальные и спортивные объекты, благоустраивается городская набережная линия, город принимает высоких гостей из разных стран, с успехом проводит важные международные мероприятия. А каким Вы видите будущее города Актау?***

- Конечно, город будет расти, и расширяться, построят новые и оригинальные здания и сооружения, спортивные комплексы. Думаю, что слава о нашем городе перешагнет границы страны, его ожидает светлое будущее и всемирная известность.

***- Ваши пожелания к жителям и гостям города в связи с 55-летием Актау…***

- Желаю жителям и гостям нашего города благополучия в семейной жизни, здоровья им самим и их близким, исполнения самых смелых желаний. Недаром в названии нашего города есть слог «Ак» - «белый», который в казахском языке является синонимом всего самого хорошего, светлого, лучезарного.

**Есназар Султанов**

# ҚҰРМЕТКЕ ТОЛЫ МҰНАЙШЫЛАР ТОЙЫ

**Жыл сайын келетін осы мейрам бүгінде мұнайшылардың асыға, тағатсыздана күтетін мерекесіне айналған. Құрмет құшағында қалатын бұл күнді «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы барынша сән-салтанатымен атап өтеді. Еліміздегі шикізаттың шежіресі бастау алған Жетібай, Қаламқас кенорындарында дүбірлеткен думанды көруге біз де асықтық. Бозашы түбегіндегі қойнауы құт дарыған мекен әсем ән, күмбез күйдің тиегін ағытты. Қаз-қатар тігілген ақшаңқан киіз үйлер ақмаржан Ақтаудан ат арытып жеткен ардагер мұнайшылар мен құрметті қонақтарға толды.**





«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ алаңындағы сахна төрінде Маңғыстау ауданының әкімі Жармағанбет Айтуаров, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқарма басшылары мен ардагер мұнайшылар қара алтын игерген мұнайшылардың мәртебесін асқақтатып, ақ тілек, ыстық ықыластарын арнады.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев, бас директордың бірінші орынбасары Лю Цзиньчэн мұнайшылар ұжымын құттықтай келген аудан басшылығы мен ардагерлерге алғысын білдіріп, бұл мерекенің баршаға ортақ құндылықтары көп екенін атап өтті.

Мерейлі мерекелік кеште еңбектері еленіп, алғыс алған, марапатқа ие болған мұнайшылардың қатары көп. Соның бірі – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ естелік белгісімен марапатталған №2 мұнай және газ өндіру цехының бастығы Серік Отаралиев. «Бүгін біз үшін – ұлы күн. Еліміздегі маңызды саланың бірі – мұнай өндіру ісінде еңбек ету үлкен абырой, биік міндет. «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында 18 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Қазіргі таңда кенорнындағы мұнай-газ өндіру цехында тиісті жұмыстарды атқарып, жоспарды жүйелі орындауға тырысып жүрміз. Халыққа қызмет – басты міндетіміз болып қала бермек» десе, жылумен-сумен қамтамасыз ету және канализация цехының 4 дәрежелі сораптар қондырғыларының машинисі Нұрсұлтан Жұмажанов та мереке күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Алғыс хатын алып, көңілі асқақтап тұр.

Мұнайшылар қауымын сый-құрметке бөлеген, ардагер ақсақалдарын ардақтап,төрге оздырған мерекелік кеш сахнасы әсем ән, күмбірлеген күйге толды. Сондай-ақ, берекелі мерекеде арқан тартыс, кір тасын көтеру, қазақша күрес сынды ұлттық ойындар ойнатылып, жеңімпаз атанған мұнайшыларға сый-сыяпаттар тарту етілді.

**Жайық НАҒЫМАШ**

# АСАРДА ДУМАН КҮН ҚАНДАЙ!..






Біз көрген бүгінгі Асар басқа Асар! Жан-жақта жапан түзді белуарлап жатқан толқын-толқын төбелер мұнайшылар кенті беттен төгіліп жатқан өнерпаздардың әні мен күйіне балқып асқақтай түскендей, әшейінде бұрқыратып-бұрқыратып алатын тентек шаңыт та адамдардың емен-жарқын көңіліне мейірі түскен болу керек, мүләйім. Көне күннің қойнауына кеткен жылдардың көзіндей болып жататын ұзыннан ұзақ созылып жататын барақ іспетті жатаған жатақтардың ортасынан баяғы асхананың орнынан бой көтерген жатақхана ғимараты мұнайшылар мекеніне өзгеше көрік беріп тұрғаны әп-сәтте көзге ұрды...

Бүгінгі думан таң қандай!  
Даланың мәңгі тырнақтап жиған  
байлығы  
ақтарылуда фонтандай!  
Достыққа мәңгі шам жағып,  
бас қосты бүгін сан халық-  
мұнайшы мұнда даланың  
командиріндей  
барады самғап алға нық, -

деуші ме еді қазақ поэзиясының падишасы Фариза ақын... Баяғы Жетібайды ашқан мұнайшыларды туу Алматыдан арнайы іздеп келіп, мұнайшының атын жырға мәңгілікке қалдырған Ақын көрген мұнайшының салиқалы буыны бүгінгі мерекенің қақ ортасында болды. Мұнайшылар Күнінің ең басты ұлағаты деп – Жетібайды Жетібай қылған ардагер мұнайшылардың мерекенің мәртебесін көтергенін айт! «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директоры Бақыт Иманбаев тұсаукесер рәсімдерде ақсақалдарды алға салып, өндірістің қақ ортасынан келіп тұрған жастарға үлкендердің ұлағатынан үлгі алуға үндеді, жарты ғасыр бойы қалыптасқан компанияның дәстүрін сақтауға, алға апаруға бағыт сілтеді.

Жаңа жатақхана мен ғимарат жанындағы футболдың «жасыл алаңы» мен қызылды-жасылды безендірілген орталықтағы асхана үйіне қарсы қонған денешынықтыру кешенінің ашылу салтанаты – биылғы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы мұнайшылары төл мерекесінің басты шарасы болды.



Мереке салтанаты жаңа жатақхананың ашылуынан басталды. Ұзақ жыл Асар кенорнының өркендеуіне үлес қосқан ардагер мұнайшы Сары Жақсылық, бүгінгі буынның өкілі слесарь-жөндеуші Бақтыбай Балапанов «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Бас директоры Бақыт Иманбаев, Бас директордың бірінші орынбасары Лю Цзиньчэнмен бірге жаңа мекеннің тұсауын кесті. 86 адамға арналған жаңа жатақхананың жабдықталуы мен тұрмыстық мүмкіндіктеріне жиналғандар ризашылық танытып, шексіз алғыстарын жеткізіп жатқанына куә болдық. Футболдың «Жасыл алаңын» атақты ардагер мұнайшылар Баязи Қарамұрзиев аға мен Әсима Қисметова апаның тұсауын кесуі сол еді, шиыршық атып тұрған жетібайлық атақты футболшылар компания басшылары Бақыт Алтайұлы мен Лю Цзиньчэн тастаған допты іліп әкетіп, алғашқы қос голды тордың ішінде тулатты...

Сахнадағы ресми жиынның бастауында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директоры Бақыт Иманбаев:

- Асар кенорнының игерілу кезеңі 1973 жылдан басталады. Қазір біз жаңғырған, өркендеген жаңа заманғы кенорнында кездесіп тұрмыз. Бүгінгі ашылып отырған 86 адамдық жатақхана, жасанды шағын футбол алаңы, кітапхана, тренажер залы, сондай-ақ жаңа кір жуу орталығы, Жаңа Жылда ашылған 75 адамдық жаңа асхана - осының барлығы компанияның әлеуметтік саясатының игі нәтижесі. Бұл Асар кенорнының даму болашағы ескеріліп жасалып жатқан маңызды әлеуметтік шаралар. Алдағы кезеңде – 2019 жылы мұнда тағы екі жұмысшылар жатақханасының құрылысын жоспарлап отырмыз, - дей келіп, барлық ардагерлерге, сондай-ақ қазіргі таңда еңбекпен ел игілігін еселеп жатқан мұнайшыларға алғысын жеткізді. Еңбекте үздік шыққан майталман озаттарды Облыс Әкімінің құрмет грамоталарымен, Энергетика министрлігі, сондай-ақ компанияның алғыс хаттарымен марапаттады.

Жиында Жетібай селосының әкімі Қуаныш Асанов, «ММГ» АҚ Бас





директорының бірінші орынбасары Лю Цзиньчэн, "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің" төрағасы Тарғын Мысамбаев құттықтады.

...Бір өңірдің ғана емес, бүтін бір елдің ырысына айналған байлықтың көзін ашып, өндірістің өрісін кеңейткен майталман мұнайшылардың әрқайсысының көңілінің төрінде Қарақиянның ойпатынан асқақтата салған әндерінің қанатында Қазақияны бағындырған Лұқпан Жолдасов, Айгүл Қосанова, «Самал» тобы, Фарида Жолдасова сыйлаған көркем саз кетті. Елден алысқа ұзамаса да, мұнайын өндіре жүріп өнерін жетектеген Талғат Жақыпов, Айбек Жұрынбаев, Әсет Нұрсебепов, Махинур Ерғалидың сахнадағы ән-күйіне жапан даладағы качалкалар да бүгін қосыла ырғалған шығар!.. Қос ақын - қаламқастық Райымбек Түзел мен Абай Жолмағанбетовтың мұнайшыларға мерекелік арнауы жақсы сөзді сағынған мұнайшыларды біраз кеукеулетті...



...Жыл құсындай айналып бір соғатын төл мерекеге әсерленген көп қауым ұйымшыл ұжымның әлі де талай асқаралы асуларды бағындырып, Маңғыстаудың «алтын сандығының» жаңа қатпарларын ашатынына сенген көңілмен тарастық...

## Арнау

Бет жүзімді айтыста көргенсіңдер,  
Айт, айт деп талай шабыт бергенсіңдер,  
Құдай берген Мұнайды қазамын деп  
Барлығың тура жолға ергенсіңдер.

Шайыр боп шыққаннан соң шындықты айтам,  
Текті сөз айта алмасам тергерсіңдер,  
Қатты аязбен қатты ыссы болғанда да  
Қиналмай барлығына көнгенсіңдер.

Ентелеп қандай дұшпан келгенде де,  
Елімнің ертеңіне сенгенсіңдер.  
Екі мың, Үш мың метр тереңдіктен,  
Мұнайдың көзін тапқан мергенсіңдер.

Ендеше мерекеңмен құттықтайын,  
Барлығың бір көштегі керуенсіңдер,  
Жер астының байлығы мұнай болса,  
Жер үстінің байлығы Сендерсіңдер.

Мұнайшылар мерекең құтты болсын!  
Бұл мейрамның жөн болмас бос қалғаны,  
«Маңғыстаумұнайгазым» тойлап жатса,  
Айтылар ақынның астарлы әні.

Атынан «OSCның» мен шыққасын,  
Өлеңімнің жөн болар тәш болғаны,  
Мен үшін қос мекеме орны бөлек,  
Том том боп жазылардай дастандары.

Бірі болса қазақтың қасқалдағы,  
Ал бірі Маңғыстаудың бас бармағы,  
Мұнайын жерден қазып жатқанымен,  
Құдайын ұмытпаған аспандағы.

Кетпейтін ақын едік ағат жырдан,  
Бізді шайыр деп сендер санап тұрған,  
Мұнайшылар сендер ғой мерекеде,  
Барлығын жақсылыққа балап тұрған.

Кітапхана билярдпен Спорт кешен,  
Салың деп емес едік талап қылған,  
Және де жатахана сап бердіңдер  
Асарымды сәулеті абат қылған.  
Барлығыңа бұйырсын бір бір бөлме,  
Балконы качалкаға қарап тұрған.

Айтысқа шақырушы- ед жігіт Жүрсін,  
Сөзімнен оны айтпай-ақ біліп тұрсың,  
Сөз соңында айтайын елге тілек,  
Жұрт етіп сауық-сайран құрып тұрсын.

2030 келіп біздің Қазақ,  
Әлемге миығынан күліп тұрсын.  
Автокөлік шығарып біздің қазақ  
Жапонменен немістер мініп тұрсын.

Франция, Испания мен Италияны,  
Біздің елдің футболы қызықтырсын.  
Қытайдан да көп болып қазақ саны  
Жеңгейлер он -онбестен туып тұрсын.

Ағылшындар демалып Кендірліде,  
Шведтер сыймай қалып тұрып тұрсын.  
Айтысты өз тіліне аудармалап,  
Кәдімгі кәріспенен түрік тұрсын.

Мұнайыңды саудалап барлық әлем,  
Босағаңнан мүләйіп кіріп тұрсын.  
Ал қазақтар тек қана шекарадан,  
Меккеге бару үшін шығып тұрсын.

**АБАЙ ЖОЛМАҒАНБЕТ**  
**«ОСК» компаниясының қызметкері**

# КӨГЕЗДЕГІ ӨТКЕН КӨРКЕМ КЕШ

*«Шерғала – таудың бөркі еді-ау...»*

**Айт-Ман**



Мұнайшылар күнінің қарсаңында Маңғыстау ауданы Көгез жеріндегі этноауылда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұйымдастыруымен жас мамандар Кеңесінің 4 жылдығына орай белсенді жастарға арналған екі күндік танымдық лагері өтті.

Зердеге зейін салып, санаға нұр құяр бастаманың бастауы Шетпе кентіндегі мифология ғылымына зор үлес қосушы, ғалым Серікбол Қондыбай атындағы мұражайды аралаудан тізгін алды. Жасынан бейнет көріп, тағдырдың тепкісіне ұшырағанына қарамай бар қазақтың бағзы дүниесін қайта өмірге алып келген ғалымның көзі тірісінде пайдаланған заттары мен қолжазбалары жастарды елең еткізбей қоймады.

Мұражайдан тылсым дүниенің сырына қанып шыққан алпысқа тарта белсенді жастар легі Шетпе кентінен 12 шақырым жырақта жатқан, Маңғыстаудың талай дүлдүлін төсінде ойнатып, қыранын бағындай басына қондырып, дәуірлердің айғағындай қылаң етер Айрақты мен Шерғала тауларының етегінде орын тепкен этноауылға көшін тіреді. Бесін туып, дастарханнан дәм татып, сәл тыныққан соң, қазақ жұртына аты мәлім, абайтанушы, филология ғылымдарының докторы, тренер, мотиватор Омар Жәлелмен тұлғалық өсу тренингі өткізілді.

### «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік»

Тренингтің осылайша аталуында да бір мән жатқаны әмбеге аян… Жұмыла жүрген жерде өнердің тозбасы хақ, құр тәннің ғана медетін аңсамай, рухтың да азығын ойлаған – нағыз тірлік. Сөз басы - қоғам арасындағы келеңсіз жәйттардың түйінін тарқатудан басталды. Көңіл-күй шеңберін шексіздікке жалғап, бір арналы әңгімеге түсіп алған соң, абайтанушы өткен дәуірдегі бабалардың кешкен ғұмыры мен осы күнгі қазақтың ұғымының айырмашылығы жайлы толғап, Абай мен Шәкәрім тектес ұлылардың, Мәшһүр Жүсіп секілді ғұламалардың жырлары мен асыл сөздерінен мысал келтіре отырып, жанның аңсап, жастардың кей орталау жүрген рухын шыңға өрлетіп тастады.

- «Өткен дәуірлерден білетініміздей, көшпелі қазақ өмірі қайта тіршілігімізге орнай қоюы екіталай. Себебі, күнннен-күнге белең алып, өзің көнбесең де, ақылы әлі орнықпаған жас баланды тақымдап бара жатқан жаһандану, өркениет пен мәдениет жылжуының біздің ұлтқа қарайлап, аяңдар түрі жоқ. Абайша айтсақ: «енді не істемек керек?!». Мен бұл тұрғыда бір аралда болса да, оңашаланып қалмай, дами білген жапондар технологиясын ұсынар едім.



Жапондардың өмір сүру салты, әдебиеті мен мәдениеті, сән, тіпті шығарып жатқан көліктеріне дейін бажайлап қарасаңыз, бір-ақ нәрсені ұғасыз, оларда: Форма, яғни пішін, бейне – еуропалық дүниетанымға сәйкес, ал негізгі Мазмұн – жапонның ұлттық болмысы. Жас ғалымдар шығып жатса, айтылған дүниені ескергенін қалаймын.» , - деп Омар Жәлел ағамыз ағынан жарылды.

Ұлт мүддесі үшін күресе біліп, сол арқылы бүткіл Жер-ананың бетінде қатар өмір сүріп жатқан Адамзатты да бауырыңдай сүю – әр қазақ жас буынының парызы. Осылайша мұнайшы жастарды Ізгілікке жетелер тәлім берген тренингтен соң, өнерпаз жастардың түрлі қабілетін танытқан ән-жыр кешіне куә болдық. Жорға саусақтан күмбірлей төгілген күйді, бұлбұл көмейіндей ән қалықтатып, бабалардың тұнық асылына жетелер жырларды сарқыған жастарды көргенімізде, мұнайшы емес, халық қасиетін бойына сіңірген нағыз қасиетті өнер иелерін көргендей күй кештік. Таңдайына Тәңір бақ беріп, күллі жұртты ауызына қаратқан Омар Жәлел ағамыздың өзі өнерлі жастардың келбетін танып, тамсанып кетті.

- «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы жастары, Жастар кеңесінің құрамы көзі ашық, көкірегі ояу жандар екеніне көзім анық жетті. Маңғыстау жұрты қазақы тәрбиеден алыстамаған, руханияты үзілмеген ел деп естуші едім, бүгін сол сөзге көзім анық жетті. Отырған орнын табар демекші, осы киелі маң даланы әлі күнге мекендеген ұрпақтары қаншама әулиелердің, жыраулар мен машайықтар жалғасы іспетті болып көрінді. Жақсы сөзді құлақпен емес, жүрегімен тыңдады. Алған білімдерін енді жастар тек халық үшін жұмсайды деген ойдамын. Осы үлкен танымдық лагерьді ұйымдастыруға қол ұшын созған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы басшылығына, жастардың басын қосып жүрген Майра Ғұмарова ханымға зор алғысымды айтамын!, - деп қорытындылады Омар Жәлел.

Кешкісін сауықтыру мақсатында арнайы дастархан жайылып, шалдығуды білмейтін қайратты да өнерлі жастар үлкен көлемдегі мерекелік концерт өткізді. Екі-үш жылдың бедерінде Қаламқас кенорнында талантты жастар Еділ Бекмұрат пен Райымбек Түзел бас болып құрған «Қаламқас кештерінің» кезекті кеші Көгез аспанын жақсы сазға, күмбір күйге толтырды. Түннің ізін таңға жалғаған шарадан кейін би кеші басталып, жастықтың нышанын өңде ойнаған алаңсыз күлкіден аңғардық.

*(Жалғасы 8-бетте)*



*Еңбекпен есейген Ерлер*

# АБЗАЛ МАҚСАТ ҮЛГІСІ

Уақыт жүрдек! Жетібайдан мұнайдың шыққаны көнекөздер үшін күні кеше сияқты болғанмен бүгінгінің көзімен қарасақ, үш ұрпақ ауысып үлгерген екен. Жетібайдағы даңқты мұнай көзінің ашылуына қатысқан маңғыстаулық бұрғышы Нұржау Тасмұратов алғашқы тарихи тұңғыштардың сапында. Ал оның ұлы Мамыртай Тасмұратов - екінші буынның өкілі.



«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасындағы №1 мұнай және газ өндіру цехында слесарь-жөндеуші болып еңбек ететін Мамыртай Нұржауұлының компанияға келген уақыты - 1986 жылдың жазы. Мамандығының қыр-сырына бойлап, өз ісін ұршықша иіріп жүрген ағамыздың еңбек жолына биыл бақандай 33 жыл...

Биыл «Қазақстандық мұнай-газ кешенінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі орталық Кеңесінің ІХ пленумы өтті. Жиынға компаниямыздан Мамыртай Тасмұратов та қатысып қайтты. Қасына серік болып барған екінші делегат - «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы Асар 3-ші топтық қондырғысының операторы - Болатбек Отаров. Жолға бірге шыққан сапарлас жолаушының таныс-біліс алысып, өзара жөн сұрайтыны бар. Болатбек Отаров Мамыртай ағамыз компаниядағы еңбек жолын бастаған жылы - сол 1986 жылдың жазында Ақтау қаласы, Маңғышлақ елді мекенінде, екі қыздан кейін сағындырып дүниеге келген ұл екен. Биыл 33-ке келгенін айтады. Форум делегаттары туралы осы мақаланы жазу үстінде ағаның мұнай кәсібіне берген жылдарының Болатбектей інінің жігіт жасына сәйкестігіне өзіміз де таң қалдық.

Сәйкестік жылдардың санында ғана емес, мысалы, әріптес қос мұнайшының шаңырағында үш қыз, бір ұлдан желкілдеп өсіп келеді. «Өз бақытының кілтін еңбектен» тапқан деген сөз де екеуіне теліп айтылғандай. Ұрпақ сабақтастығы дейтін болсақ, Мамыртай Тасмұратов пен Болатбек Отаров екеуінің өмір баяны өздерін өндірісте шыңдаған Қаламқас пен Жетібай мұнайшыларының тарихымен сабақтас.

...Алғашқы кейіпкеріміз Мамыртай Нұржауұлы. 1965 жылы Қаракия ауданы, Жетібай елді мекенінде дүниеге келген ол әке жолын жалғады. Бүгінде «Үздік маман» атанған білікті мұнайшы, 5-разрядты меңгерген тәжірибелі тәлімгер.

– Өндіріс қазанында бірге қайнаған үзеңгілестеріммен әріптес болып, бірге келемін. Еңбегіміз өнімді, тұрмысымыз көңілді дегендей, ел қатарлы жүріп жатырмыз. Бригадамызда 15 адам бар, Бригадир Асылмұрат Жарылғаповтың басшылығымен әркім өз міндетін тыңғылықты, ойдағыдай атқаруға күш салуда. Жабдықтардың ақаусыз, кідіріссіз жұмыс істеуі ортақ табысқа жол ашады, – дейді Мамыртай Нұржауұлы.




Байламы мықты, қимылы ширақ, біраз жыл еңбек өтілі бар майталман маманның алдынан талай шәкірт тәлім алған. Қажырлы қайрат, білім-білігімен еселі еңбек етіп жүрген сол жастардың қатарында Бақтыбай Нағбаев, Әмин Данабаев, Сүндет Қопышев бар.

Осы уақыт аралығында шеберге металл жонушылар тарапынан бірде бір рет шағым болмапты. Өндірістік жауапкершілікті басты қағидат қылған ол өз қызметінде ақаулыққа жол берудi ар санайды.

Мұнай-газ кешені кәсіподағы жиыны өзгелерге өнеге және үлгі болып келетін осындай еңбек адамдарының басын қосқан еді. Астана сапарына «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы кәсіподағы атынан қатысқан Мамыртай ағамызға Жетібай кенорнынан Болатбек серік болды.

Болатбек Базарбайұлының өмірге келген ортасы теміржолшының шаңырағы. Жалғыз ұл шойын жолды емес, мұнайды қалады. Осы арманның жетегінде жүріп, 2003 жылы мектепті бітіріп, Каспий қоғамдық университетіне оқуға түсті. 2008 жылы мұнай-газ ісі бойынша университетті бітіріп шыққан жылы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына оператор болып жұмысқа орналасады.

Жүсіп Баласағұн: «Ең тәтті кез – жігіттіктің шағы да, Игіліктің о да берген бағы да» деп дәріптесе, ұлы Абай: «Жастықтың аты арындап, Тас қияға өрледің», - дейді. Болатбектің бозбалалық дәурені де, жалын атқан жігіттік шағы да қара жердің қойнынан «қара алтынды» өндірген әріптестерімен өтіп келеді.

– Мен өндіріске келгенімде 22 жаста едім. Осы жерде қалыптастым. Өзімді нағыз бақытты адаммын деп санаймын: жақсы, ынтымағы жарасқан ұжымға келдім. Сағыныш Тастығараев, Әлихан Молдамұратов, Қожанепес Кемалов, Мирамбай Қазиев, Жәнібек Айлеков сынды тәлімгерлерден көп нәрсе үйрендім. Маған айтқан кеңестері, ақылдары үшін оларға ризамын.

Болатбек жұмысына жанын салып, жүрегімен беріліп жасайтын өз кәсібіне шын ниетімен берілген маман. Оператор болып келіп, жоғары 4 кәсіби дәрежеге дейін көтерілуі – осыған дәлел. Ол қасындағы аға операторымен өздеріне тиесілі 25-ке жуық ұңғыға бас-көз, мақсат-міндеті - мұнай өндіру барысын қалыпты ұстау, кез келген күрделі жағдайларға жол бермеу, алдын алу шараларын алу. Еңбегі жемісіз емес, өткен жылы республикалық байқауға қатысып, «Үздік маман-2017» марапатын қанжығасына байлады.

Бүгінгі күннің де, болашақтың да бастауы – кешегі тарих. Сондықтан да атаның алдындағы қарыздың баланың алдындағы парыз екендігіне соңғы буын мұнайшылар - Мамыртай Тасмұратов пен Болатбек Отаровтың біз баяндаған өмір тарихы, еңбек жолы дәлел. Аманатқа адалдықты ұлы мақсатқа айналдырғанның үлгісін іздесең, мұнайшыдан ізде!

**Лаура Жолдыбаева**

«ОСС» - 15 жыл

# Жылдармен жасара, жаңғырған

Тамыз айының 14-15 күндері жаңбырдан кейін жайлы самалмен желпініп тұрған Қаламқас, Жетібай жерлерінде «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ел қуаты – қара алтынды игеруде өз міндеті - мұнайгаз саласына инфрақұрылым құрылысындағы бірегей жұмыстарды орындап келе жатқанына 15 жыл толған мерейлі мерекесін атап өтті.

«Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - басқару ісінде батыл шешім қабылдайтын, көп жылдан бері кен орнындағы инфрақұрылымның құрылыс үдерісінің толық технологиялық циклын орындауда мол тәжірибе жинақтаған, ынтымағы жарасқан ұжымы бар ірі компания.

Маңғыстаудың табиғи байлықтарын ашу, игеру, мұнай-газ кен орындарын жайластыру, пайдалану сынды іргелі істерді жолсыз, бірнеше мың тонналық сұйыққоймаларсыз, мұнай тасымалдайтын құбырларсыз, қызметкерлер тұратын, тамақтанатын және жұмыс істейтін ғимараттарсыз елестету мүмкін емес.

Мақсаты айқын, бағдары анық, іс басындағы жасындай жарқыраған жігерлі жандар ерінбей терін төккендерге жіліктің майлы басын ұстатқандай еңбегінің жемісін көріп, соңғы экономикалық көрсеткіштер бойынша компания таза пайдаға жетіп отыр. Серіктестік ұжымы мерейлі мерекеге асқақ абырой, биік беделмен жетті.

Мерекелік кеш шымылдығын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ вице-президенті, «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Серік Әбденов жалынды құттықтау сөздемен ашып, кәсіпорын жетістіктеріне тоқталып өтті:

«Oil Construction Company» ЖШС өзінің 15 жылдық тарихында қойнауында кен толған, даласында жұмбақ тұнған майлы қиян Маңғыстаудың ел экономикасына сүбелі үлес қосып отырған мұнайгаз саласының инфрақұрылымына құрылыс қызметтерін көрсетіп келеді. 2003 жылдан бері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ және «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ, «Ойл Сервис Компани» ЖШС, «Мұнайтелеком» ЖШС, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС, «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС сияқты Қазақстан мұнайгаз индустриясының ірі компанияларының маңызды нысандарында ірі-ірі жобаларды жүзеге асыруда қыруар жұмыс атқарды және атқарып келеді. Серіктестік Қаламқас, Жетібай кен орындарынан басқа аймақтарда да жұмыс атқаруға мол мүмкіншілігі мен үлкен тәжірибесі бар.

Жобалық басқару арқылы мақсатқа жетудің негізгі факторлары – өндірістік бағдарламаны орындау, үдерістерді оңтайландыру мен автоматтандыру және бейіндік емес және пайдасыз активтерді шығару есебінен қызметтің тиімділігін арттырып, 2018 жылдан бастап оң қаржылық нәтижеге қол жеткізік.

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жұмыс өнімділігін арттыру үшін түскен пайда есебінен Пісіру агрегаттарын (САГ), жұмысқа керекті құрал-саймандар сатып алынды. Пісірушілер жаңа агрегаттармен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін уақытылы оқып үйреніп, жұмыс қарқынын үдетуде.

Қазіргі жағдайда экономикалық жаңа сапаға көтерілу - бизнестің даму талабы. Биылғы мерейлі жылдан кейін де «Ұрыс ырысты қашырар, ынтымақ халықты асырар» дегендей, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ынтымағы жарасқан ұйымымыз өркендеген қуатты кәсіпорындар қатарынан көрінуде».

Сөз соңында Серік Әбденов мырза: «Компания әрбір қызметкердің отбасына құт-береке, қызметіңізге тұрақтылық, гүлдену және өрлеу тілеймін. Бұл мереке жақсы тілектесімiз болып, үлкен жетістіктерге жетелесін, барлық бастамаларымызға табыс әкелсін!» - деген игі тілегін жеткізді.

Мерекелік шараға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Жетібай Тулегожаев,

## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ – НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ








«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Күрделі құрылыс департаментінің директоры Қажымұқан Жоланбаев, «ОСК» ЖШС бас директоры Бекқожа Боранбаев, «ОТК» ЖШС бас директоры Серік Кеулимжаев, «МТК» ЖШС бас директоры Ербол Мұқашев, «МЭМ» ЖШС бас директоры Нұрдәулет Қосбаев мерекемен құттықтап, ізгі тілек, риясыз көңілдерін жеткізуге келді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев өз сөзінде алға қойған мақсатымыз да, ұстанған бағытымыз да бір болғандықтан жұмылған жұдырықтай ынтымақтастық, түсіністік пен іскери серіктестік жағдайында көп жылдан бері тұрақты өсу мен қарқынды даму жолында бірге ұтымды еңбек етіп келе жатқанымызды айтты. Тапсырыс беруші мен мердігер ретінде қоян-қолтық жұмыс істеп, тонның ішкі бауындай, ағалы-інілі бауырлардай ауызбіршілікте екенімізді де атап өтті.

Соңғы кезде Серіктестікте біраз қиыншылықтарды жеңді, көптеген өзгерістер болды, қол жеткізген жақсы жетістіктердің куәсі болдық. Күні кеше Ақтау



қаласында өткен Каспий жағалауындағы бес мемлекет басшыларының Саммитінен кейін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев компанияның бас директоры С.Әбденовті қабылдап, кәсіпорынның экономикалық, әлеуметтік жағдайы туралы есебін тыңдады. Компанияның экономикалық көрсеткіштеріне және әсіресе еңбек қауіпсіздігі саласындағы жетістіктеріне ризашылығын білдірді. «ОСС» - өңірдегі ірі мұнай компаниялары ішінде көш бастап келе жатқан кәсіпорын екенін жеткізді.

«ОСС» теңіз жағалауында жаңа жасанды пирс құрылысын салып, саммиттің жемісті өтуіне өз үлесін қосқандығын да Бақыт Иманбаев мырза назардан тыс қалдырмады.

Алдағы уақытта да еңбек екпінін еселеп, мұнайшылардың даңқын асырып, егемен еліміздің өсіп, өркендеуі жолында жаңа жетістіктерге жете берулерімізге тілектестігін бідірді. Баршаға мұқалмас күш-қуат, таусылмас табыс, отбасыларына ортаймас бақ-ырыс тілеп сөзін тәмамдады.

Маңғыстау облысы әкімдігі атынан Ақтау қаласында өткен халықаралық шараға белсенді атсалысқан бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Дүйсен Атчибаев пен бас директордың адам ресурстарын басқару, нормалау, еңбекақы төлеу және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары Нұржан Қалдыбатырға Серік Әбденов мырза төсбелгілерді табыс етті.

Текті елдің азаматтарының ғана қолынан келетін тарихқа тағзым ету, карттарын қадірлеудің айнасындай мерекеге қадірлі қонақ болып шақырылған компанияның бұрынғы қызметкерлері - зейнеткерлер Асан Доскулов, Темірхан Назаров, Керімхан Игсатов, Бекназар Алиев, Исмағұл Испекиев, Балғабай Дошпаев, Орынғали Тлеумағамбетов, Мадияр Куатбаевтарға құрмет көрсетіліп, иықтарына шапан жабылды.

Құттықтау тілектерден кейін мерекеге орай еңбек озаттарына Құрмет грамоталары мен ақшалай сыйлықтардың сертификаттары табысталды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Құрмет грамотасымен Жетібай құрылыс-құрастыру қызметінің



шебері Бердібек Сүлейменов, сыртқы құбыр монтажшылары Ырзабай Байсенов, Айзақ Тұраров, құрылыс құрылмалар монтажшысы Мақсат Нұрымов, Қаламқас құрылыс-құрастыру қызметінің жоба жетекшісі Еркін Бисембаев, электргазбен пісіруші Бағланбек Нұрниязов марапатталды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасына Жетібай құрылыс-құрастыру қызметінің шебері Асылбек Абишев, электргазбен пісірушілер Қуандық Сельмагамбетов, Талғат Бекболатов, Қаламқас құрылыс-құрастыру қызметінің шебері Авилхайыр Мятджанов, Қаламқас құрылыс-құрастыру қызметінің жоба жетекшісі Евгений Чи-Ян-Чи, құрылыс құрылмалар монтажшысы Шаукебай Амиров, термиялық оқшаулаушы Жұбатхан Мамбетов ие болды.

«Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Құрмет грамотасын аға бухгалтер Закия Ереулова, диспетчер Рахат Бимағамбетов, шеберлер Мұрат Жұмабаев, Сәрсенғали Әбілдіков, құрылыс құрылмалар монтажшылары Миржан Хасанов, Жүсіп Ходжасты, Адай Аймұханов, Нұралы Сисенов, Мұрат Бисекешов, электргазбен пісірушілер Бауыржан Нұрнепес, Бауыржан Дінғабыл, Ерқосай Басжан, Сәрсенбай Урунбаев, өндірістік және қызметтік жайларды сыпырушы Сәуле Қарабаева, сыртқы құбыр монтажшылары Орынбасар Есенов, Ярослав Берры, Петр Патюков, термиялық оқшаулаушылар Закария Теңізбаев, Мисак Айвазян, жол жұмысшысы Өмірбек Айжігітов алды.

Жетібай құрылыс-құрастыру қызметінің шебері Ералы Қосақбай Қазақстан Республикасының құрылыс саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Алғыс хатын алу қуанышына бөленді.

«Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі атынан мұнай-газ саласының дамуына, әлеуметтік әріптестік жүйесін нығайтуға қосқан үлесі үшін және Құрылысшылар күні мерекесі, Серіктестіктің 15-жылдығы құрметіне Жетібай құрылыс-құрастыру қызметінің шебері Рамазан Жантурин Құрмет грамотасымен, кадрлар жөніндегі жетекші маман Қымбат Тұржанова, Қаламқас құрылыс-құрастыру қызметінің



жобалық менеджері Мұңалбай Нұрбосын Алғыс хатпен марапатталды және компанияның жергілікті кәсіптік одағы атынан ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Қаламқас және Жетібай кен орындарында үш бірдей ақшаңқан ағаш үй дөңгелене тігіліп, мерейтой қонақтары мен барлық екі ауысым қызметкерлеріне арнап мерекелік дастархан жайылды, ас мәзірі ұсынылып, қол қусырып қызмет көрсетілді.

Асты да ырыс, үсті де ырыс жеріміздің қайнары сарқылмайтын, ақ бұлағы тартылмайтын өнерінің барша қазақстандықтарға белгілі тарландары Лұқпан Жолдасов пен «Заман», «Самал» топтары және Арман Жаналиев сынды өнерпаз концерттік бағдарламасын ұсынды. Талантты жастардың керемет даусы мен дарынды сазгер туындылары кен орын кеңістігін керемет күйге бөлеп, дүр сілкіндірді. Компания жұмыскерлері мен қонақтар үшін бұл көңілдің шалқып бір тасқан күні болды. Қызметкерлер ортаны толтырып әсем саз толқынында би билеп, жандары гүлдей жадырады.

Жер қойнауының сан қырлы қазынасы - халықтың игілігіне несібе болған қара алтынды игеруге мол үлес қосып отырған, тәуекелмен тура жолын тауып келе жатқан «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жылдармен жасара, жаңғыра жарқылдай береді.

Уақыт алға жылжиды, ұрпақтар бірінің жолын бірі жалғайды. Бірақ ата-баба жеріндегі ерлік еңбек дәстүрі үзілмей қала береді. Осылай әулиелі қазақ даласынан қуат алған еңбеккерлеріміз сол сара жолмен, Мәңгілік Елдің жолымен жүре бермек.

**А.Есбосын**
**«Oil Construction Company» ЖШС**

15 жыл ішінде біздің компанияның іске асырған ірі жобалары:

- **<u>149</u> өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық нысан салынды**, соның ішінде Газтурбиналы электр стансасы, (ГТЭС), Газ сығымдау стансасы, Газпіспек электр стансасы, ВЛ-110кВ-мен бірге ПС-110/6кВ жоғары вольтті желісі, Алдын ала су төгу қондырғысы (УПСВ), канализациялық-тазарту имараттары, жатақхана, асхана, ШПҚ зауыты, вахта автостансасы, санитарлық-тұрмыстық блок, ОТК-ның өндірістік-техникалық базасы, ҚазҒЗЖИ керн қоймасымен бірге әкімшілік-зертханалық кешені;
- **<u>17</u> өндірістік нысан қайта құрылды,** соның ішінде радиоактивті қалдықтарды сақтау полигонын қайта құру және кеңейту, Мұнайды дайындау және айдау цехын (ЦППН) қайта құру, топтық қондырғыларды қайта құру, ілеспе газды жинау және айдау жүйесін қайта құру;
- **<u>1 277 км</u> болат құбыр, <u>2 425 км</u> ШПҚ (СПТ) тартылды,**
- **<u>78</u> сұйыққойма (РВС) салынды**, соның ішінде РВС-10.000 м3 – 16 дана, РВС-5.000 м3 – 56 дана, РВС-2.000 м3 – 2 дана, РВС-1.000 м3 – 2 дана, РВС-700 м3 – 2 дана.

Қазіргі таңда Өзен кен орнында РВС-20.000 м3 салу жұмыстары жүруде;

- **<u>6 221</u> теңселме-білдек (станок-качалка) салынды.**

Компания күшімен **<u>10.800 м3</u> бетон құйылды, <u>1.800 м3</u> кірпіш (ұлутас) қаланды, <u>143.083</u> темірбетон бұйым монтаждалды.**

# КӨГЕЗДЕГІ ӨТКЕН КӨРКЕМ КЕШ

*(Соңы. Басы 5-бетте)*



## «Баба түкті боз дала»

Танымдық лагердің екінші таңы атысымен таңғы астан соң, Маңғыстаудың сар даласына танымал, көнекөз бабалардың сынығындай ізін жалғаушы, тірі тарихтың өзіндей, ақын, «Құрмет» орденінің кавалері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің, «Дарын» Мемлекеттік сыйлығының, Төлеген Айбергенов атындағы сыйлық пен ҚР Президентінің степиендианты Светқали Нұржанмен (Айт-Ман) «Баба түкті боз дала» атты шығармашылық кеші өткізілді. Қазақ қай кезде де жырға судан бетер шөліркеп, ақын-жырауын, сөз саптаған шешенін сыйлап, ардақтай білген халық. Сонау таңбалы тастар мен тау етегінде сайрап жатқан хақ тарихтан сыр шертумен бастаған ақын, одан әрі әңгіменің мәйегін бұзбай, берідегі, 20-ғасырда ел руханиятына сөзімен, ісімен, ерлігімен үлес қосқан ұлылар жайлы тереңнен тартты. Тарта келіп кездесудің негізі өлеңге тірелген соң, талай беттік дастанға татыр жырларынан төккен ақынға жастардың пейілі мен ынтызары қоса ауды. Поэзияның құдіретін сезіндіре отырып, тарихты баяндаған тұста тәлімнің болары айдан анық. Өнерлі ұстаз әр кез өнерлі жасты сыйлай білген. Одан әрі кезек жас буынға тиіп, күй мен жырдан шашу шашқан жастарға Светқали Нұржан ағамыз:

- Өнер – Тәңірдің адамға берген зекеті, оны халық үшін пайдаланбай, көзін тұмшалар болсаңдар, жауабы ауыр болады, - дей келе қабілетті жастарға жігер сыйлады.

- Бүгін мұнайшы жастардың, сонау 30 жылдары отарып кеткен, әр салада жүріп ұлт руханиятына сұмдық қызметтер жасаған даналардың бір ізін көріп қалғандай әсерде болдым. Себебі бұлардың ішінде өте талантты ақындар бар, өте талантты күйшілер бар, өте таланты әншілер бар. Ең бастысы -бұлардың өзін білуге, «өзін таныған – әлемді таниды» деген, өзін білуге ұмтылысы. Бұл ең үміттің шырағы десе болады. Менің жүрегімде сол шырақ жанып бара жатыр, соған қуанып бара жатырмын, - деп кеуде түкпірінде оянған үміттің нышанын білдіріп те қалды ақын ағамыз.

Кереметтей ішкі әлемді нұрландырған екі күндік лагерді ұйымдастыруға белсене атсалысып, ерлігі мен өрлігін қатар игі іске жұмсаған атпал азаматтар жетерлік. Соның бірі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұртшылықпен байланыс бөлімінің қызметкері Ғани Әбдісадық:

- Бүгін Көгез жеріндегі танымдық шарамыздың қорытынды тұсына да жетіп үлгердік. Танымдық-тынығу сәтін жастарға тарту еткен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасына, лагерь жұмысын бастап берген компанияның әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменті директоры Талғат Айдыновқа үлкен алғысымызды жеткіземіз. Заманымыздың білгірлері мен заңғар тұлғаларын шақырып, рухани байытудың соңы бұл болмасына сенеміз. Сайдың тасындай іріктелген 60-тан астам белсенді жасымызға айтылған асыл сөз, бағалы тәлім өрен әріптестеріміздің санасында шөгіп қалмай, нәтижесін береріне көңіл нанды, - деп топшылады.





Елдің ертеңі - жастар, жас болғанда да құр тірі жаны ғана бар емес, жігерлі, рухты, жұртының қамын ойлайтын жас болғаны абзал. Ал отты жас буынды тәрбиелеп шығуға себепші болар жандардың бар болуы ләзім. Осы орайда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасының жастарға ерен көңіл бөліп, тәрбиелік жолды нұсқап, игілікті жұмыстар жүргізіп келе жатқаны көз қуантады. Лагерьдің аяғында жастар ұйымдастыру ұжымына үлкен алғысын айтып, танымдық-тынығуға жанын сала көңіл бөлген жұртшылықпен байланыс бөліміне пейілін жарып шыққан жылы лебіздерін төкті. Әлі де жастарға жасалар жақсылық мұнымен шектеліп қалмасына сеніміміз мол!

**Мадияр Төлеуов**

*Спорт*

# ПОБЕДЫ ЕЩЕ ПРИДУТ

**С 27 по 29 августа 2018 года в Астане, на территории спортивного комплекса Nazarbayev University проходили соревнования финального этапа ежегодной Спартакиады группы компаний АО НК «КазМунайГаз», приуроченной к празднованию Дня работника нефтегазового комплекса Республики Казахстан.**




Спартакиада проводилась по 8 видам спорта: мини-футбол, баскетбол, волейбол, настольный теннис, шахматы, армрестлинг, тогызкумалак и плавание. За звание сильнейших боролись более 350 участников из таких компаний как АО «Мангистаумунайгаз», АО «КазТрансОйл», ТОО ПНХЗ, ТОО АНПЗ, АО «Озенмунайгаз», «Эмбамунайгаз» и др.

Нефтяники АО «Мангистаумунайгаз» защищали честь компании в таких видах спорта, как волейбол, шахматы, армрестлинг, плавание и тогызкумалак.

Наиболее высокого результата добилась наша мужская команда по волейболу. Поочередно обыграв команды «Казтрансгаза» и «Озенмунайгаза» наши волейболисты лишь в финале уступили в упорной борьбе сборной ТОО ПНХЗ.

Еще одним приятным сюрпризом стало выступление геолога из ПУ «Каламкасмунайгаз» Айгерим Калдыбаевой, которая завоевала бронзовую медаль в соревнованиях по шахматам.

- В финале волейбольного турнира, нашей команде чуть-чуть не хватило везения, игра было интересной, упорной, но соперник был силен, - подводит итоги Спартакиады, ведущий инструктор по спорту АО «Мангистаумунайгаз» Нурлыбай Элубаев. – Конечно же, порадовала Айгерим Калдыбаева, в шаге от пьедестала остановилась наша женская сборная по волейболу, которая заняла четвёртое место. Еще одно четвертое место у нашего пловца – Нуржана Кусаинова, геолога из ПУ «Жетыбаймунайгаз». В целом считаю, что наши ребята выступили достойно, учитывая, что на двух предыдущих Спартакиадах, у сборной АО «Мангистаумунайгаз» вообще не было наград. Необходимо продолжать заниматься спортом, верить в себя и тогда победы придут!








Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: “Маңғыстаумұнайгаз” АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемал, Е.Қонақбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-424, 212-452 212-462, 212-492
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

“ATIS” ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 17 ш/а.
тел: 525500